

«ЕРТЕГІЛЕР МЕН ОҚИҒАЛАР САҒАТЫ» ЖОБАСЫ

«Ертегілер мен оқиғалар сағаты» жобасының жүзеге асыру негіздемесі

Қазақстанда 2022 жыл Балалар әдебиеті және Балалар жылы болып жарияланды.

Жоба балалардың кітап оқудағы қазіргі замандағы дағдарысының басты проблемасы – оқырмандық ортаның әлсіздігін, яғни балалардың көпшілігінің кітап оқымайтын ересектер ортасында ержетуі мәселесін шешуге бағытталған.

Кітап жас оқырмандарға оқу техникасына үйрену үшін ғана емес, сонымен бірге оларды өмір жолын бастаудың, ержетудің, қоғамда болудың қиындықтарына дайындау үшін қажет.

Бала үшін кітапты тек туыстарының - ата-анасының, атасының немесе әжесінің оқуы ғана бұл процестің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Балалар туыстарының, мұғалімдерінің және т.б. пікірлерінен гөрі бөгде адамның пікірін тыңдауға әрқашан дайын.

Кітап осы қарым-қатынас кезінде ересектерге балалық шағын еске түсіруге, ал балаларға ересектерді түсінуге мүмкіндік беретін ұрпақтар арасындағы өзіндік нұсқаулық болады.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының базасында жыл бойына қаланың және облыстың белгілі және кеңінен танымал адамдарының (шығармашыл зиялы қауым, қоғам қайраткерлері, Қарағандының және т.б. белгілі және кеңінен танымал тұлғаларының) балдырған қарағандылықтарға Қазақстанның, жақын және алыс шетелдік балалар жазушыларының таңдаулы шығармаларының 10 дауыстап оқуын кәсіби бейнетүсіріліммен өткізу жоспарлануда.

Жоба балалар кітабы мен балалар оқуын ілгерілетуге және кеңінен танымал етуге, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және баланың бос уақытын толықтыруға бағытталған.

Кәсіби оператор мен дыбыс режиссерін тарта отырып, «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» бағдарламасы циклін жасау, кеңінен танымал бейне және аудио хостингтерінде подкастты орналастыру арқылы көрермендердің қамтылуын көбейтуге мүмкіндік береді.

**«Ертегілер мен оқиғалар сағаты»
жобасының тұжырымдамасы**

Жобаның атауы	Ертегілер мен оқиғалар сағаты
Жобаның үйлестірушісі	«Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ
Мерзімі	Ұзақмерзімді (2022 – 2024 жж.)
Жобаның жетекшісі	Вольф О. И. мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы
Жобаны әзірлеу негіздемесі	<p>Жоба балалардың кітап оқудағы қазіргі замандағы дағдарысының басты проблемасы – оқырмандық ортаның әлсіздігін, яғни балалардың көпшілігінің кітап оқымайтын ересектер ортасында ержетуі мәселесін шешуге бағытталған.</p> <p>Бала үшін кітапты тек туыстарының - ата-анасының, атасының немесе әжесінің оқуы ғана бұл процестің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>Кітап осы қарым-қатынас кезінде ересектерге балалық шағын еске түсіруге, ал балаларға ересектерді түсінуге мүмкіндік беретін ұрпақтар арасындағы өзіндік нұсқаулық болады.</p>
Нысаны	<p>Кітапхана базасында жыл сайын қаланың және облыстың белгілі және кеңінен танымал адамдарының (шығармашылық зиялы қауым, қоғам қайраткерлері, Қарағандының және т.б. белгілі және кеңінен танымал тұлғаларының) балдырған қарағандылықтарға Қазақстанның, жақын және алыс шетелдік балалар жазушыларының таңдаулы шығармаларының 10 дауыстап оқуын өткізу жоспарлануда.</p> <p>Жоба баланың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың таптырмас элементі ретінде балаларға дауыстап оқу қажеттілігіне қоғамның назарын аударуға бағытталған.</p> <p>Жобаның қорытындысы бойынша жарыққа шыққан аудио және бейнематериалдардың таныстырылымы өткізіледі. Ертегілер онлайн тыңдау және көру кітапхананың сайтында және әлеуметтік желілерінде қолжетімді болады.</p>
Мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Балаларды қолдау жылы аясында балалар кітабын және балалар оқуын ілгерілету және кеңінен танымал

	<p>ету;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Отандық және шетелдік авторлардың классикалық және заманауи балалар әдебиетімен танысу; • Оқуға деген қызығушылық пен белсенділікті арттыру; • Кітапхананың беделін арттыру; • Оқуға деген ерекше қажеттіліктері бар пайдаланушыларға әдебиетті қолжетімді ақпарат тасымалдағыштарында ұсыну.
Міндеті	<ul style="list-style-type: none"> • Оқуға арналған алаңды ұйымдастыру; • Дауыстап оқу үшін қазақстандық және әлемдік балалар әдебиетінің үздік шығармаларын анықтау және таңдау; • Балалар кітабы мен оқуды насихаттау; • Аудио форматындағы оқу және жазу процесінің бейнетүсірілімін және оның интернет ресурстары арқылы таралуын ұйымдастыру.
Жобаның қатысушылары	<ul style="list-style-type: none"> • Кітапхана оқырмандары, қаланың балдырған тұрғындары; • Шақырылған ертегі оқитын адам
Жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • Балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру; • Баланың бос уақытын тиімді пайдалану; • Серіктестік қарым-қатынастарды дамыту; • «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» бағдарламасы циклін жасау; • Оларды кеңінен танымал бейнехостингтерде орналастыру арқылы көрермендердің қамтылуын көбейту; • Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау және оналту.
Жобаның серіктестері	<p>Шығармашылық ұжымдар мен ұйымдар; Мектептер және мектепке дейінгі мекемелер; Шығармашыл зиялы қауым; Бизнес өкілдері; Әртүрлі қызмет саласының өкілдері; БАҚ</p>
Шақырылатын ересектер – оқу үшін қатысатындар (келісім бойынша)	<p>Блогерлер, бизнесмендер, шығармашыл зиялы қауым, әртүрлі қызмет саласының өкілдері</p>
Қаржыландыру	<p>Шығындары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби бейнетүсірілім және монтаждау; - дыбыс жазу студиясындағы кәсіби жазба; - жарнамалық және баспа өнімі (хабарландыру, анонс,

	флаерлер, буклеттер) - сыйлық кітабы және аудио ертегілерімен сыйлық қорабы; - гүл.
--	---